

Баланың дербес болуына қалай көмектесуге болады

Дербестік — баланың бойында ерте жастан қалыптасатын маңызды қасиет. Дәл мектепке дейінгі кезеңде өзіне деген сенімділік, жауапкершілік және қарапайым шешімдер қабылдай білу қабілетінің негізі қаланады. Ересектердің міндеті — барлық істі баланың орнына атқару емес, керісінше оны өз бетінше әрекет етуге үйрету, қолдау көрсету және бағыт-бағдар беру.

Дербес әрекеттерге жағдай жасаңыз

Балаға өз шамасына сай тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беріңіз: киіну, ойыншықтарды жинау, қол жуу, үстел әзірлеу. Заттардың балаға ыңғайлы әрі қолжетімді болуы маңызды. Нәтиже мінсіз болмаса да, баланың талпынысы мен бастамасын бағалаңыз.

Қолдап, асықтырмаңыз

Баланың үйренуіне уақыт қажет. Сабырлы күту, жылы қарым-қатынас және асықтырмау оған өзіне деген сенімділік береді. Артық көмек көрсету баланың өз бетінше әрекет етуге деген ынтасын төмендетуі мүмкін.

Талпынысы үшін мадақтаңыз

Мадақ тек нәтиже үшін ғана емес, ең алдымен көрсеткен күш-жігері үшін айтылуы керек. Қолдау сөздері баланың өзін-өзі бағалауына оң әсер етіп, жаңа әрекеттерге ынталандырады.

Дағдылар мен күн тәртібін қалыптастырыңыз

Күн тәртібінің жүйелілігі мен әрекеттердің қайталануы баланың айналасындағы жағдайды түсінуіне және дербес әрекет етуіне көмектеседі. Уақыт өте келе көптеген іс-әрекеттер әдетке айналып, еске салусыз орындалады.

Таңдау құқығын беріңіз

Екі–үш нұскадан тұратын таңдау ұсыныңыз: киім, ойын, іс-әрекет. Бұл баланы шешім қабылдауға және өз таңдауы үшін жауапкершілікті сезінуге үйретеді.

Жеке үлгі көрсетіңіз

Балалар ересектерді бақылау арқылы үйренеді. Ұқыптылық, ұйымдасқандық және істерге сабырлы көзқарас бала үшін табиғи үлгіге айналады.

Сенім атмосферасын қалыптастырыңыз

Баланың өзін қолдауды және мүмкіндіктеріне сенімді сезінуі өте маңызды. Отбасы мен балабақшадағы жылы, мейірімді орта қателіктен қорықпай, дербестікті дамытуға ықпал етеді.

Қамқорлық пен сыйластыққа негізделген ортада, қадамдап алға жылжи отырып, бала дербес, өзіне сенімді болып қалыптасады және жаңа жаңалықтарға дайын болады 🌸